

FTAMP 14.35.07 <https://doi.org/10.26577/JES.2023.v77.i4.03>**Л.А. Сулейменова** , **С.Н. Жиенбаева** , **М.Д. Мурзагулова** * 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

*e-mail: miraaulan70@gmail.com

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Елімізде қоғамдық өмірдің барлық салаларын өзгертудің күрделі де қайшылықты процестері маманның кәсіби құзыреттілік сапасына ерекше талаптар қойып отыр. Мақалада әлеуметтік педагогтардың кәсіби-құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру міндеттерімен байланысты теориялық және қолданбалы мәселелерді шешу барысы талданады. Зерттеудің мақсатына сай әлемде, қоғамда болып жатқан өзгерістер әлеуметтік педагогтың кәсіптік құқықтық құзыреттілігін арттырудың негізгі бағыттары мен әлеуметтік педагогтың кәсіби біліктілігіне талдаулар жасалады.

Қызметтік міндеттер тізбесін қамтитын әлеуметтік педагогтың біліктілік сипаттамасында балаға әлеуметтік педагог көрсететін көмектің негізгі түрлері айқындалған, онда жасөспірім мен баланың құқықтарын сақтауға, балалардың әртүрлі санаттарының құқықтық кепілдіктерін іске асыруға көмектесуге, өскелең ұрпақты құқықтық тәрбиелеуге бағытталған әлеуметтік-құқықтық құзыреттілік зерделенді. Осы қызмет түрлерін тиімді жүзеге асыру үшін әлеуметтік педагог Бала құқықтары саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды білуі, оларды кәсіби қызметте қолдана алуы, балаға және оның отбасына көмек көрсететін білім беру мекемелері қызметінің әлеуметтік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық негіздерін білуде әлеуметтік педагогтардың құқықтық құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері қарастырылады; оны іске асырудың тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайлар сипатталады. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 47 бакалавриат студенттері қатысқан эксперименттік зерттеу жүргізілді. Қалыптастырушы эксперимент әлеуметтік-құқықтық құзыреттілікті дамытудың 4 кезеңін (ақпараттық-танымдық, құндылық-бағдарлық, реттеуші және коммуникативті кезең) қамтыды. Әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-құқықтық құзыреттілігінің өзгеру динамикасы көрсетілген.

Түйін сөздер: әлеуметтік педагог, әлеуметтік- құқықтық құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік.

L.A. Suleimenova, S.N. Zhiyenbayeva, M.D. Murzagulova*

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

*e-mail: miraaulan70@gmail.com

Formation of social and legal competence of future social pedagogues

Complex and contradictory processes of change in all spheres of public life in our country place special demands on the quality of professional competence of specialists. The article analyzes the process of solving theoretical and applied problems related to the task of developing the professional and legal competence of social educators. In accordance with the purpose of the study, in accordance with the direction of changes taking place in the world, in society, the main directions for increasing the professional legal competence of a social pedagogue and analyzing the professional qualifications of a social teacher are: done.

The qualification characteristics of a social pedagogue, including a list of job responsibilities, determine the main types of assistance provided by a social teacher to a child, where social and legal competence is aimed at protecting the rights of adolescents and children and promoting the implementation of legal norms. The guarantees of various categories of children and the legal education of the younger generation were studied. To effectively implement these types of activities, social educators need to know the legal documents in the field of children's rights, be able to use them in their professional activities, and know the socio-legal and socio-economic foundations of their activities. educational institutions providing assistance to children and their families; The pedagogical conditions that ensure the effectiveness of its implementation are described. An experimental study was conducted in which 47 undergraduate students of the L. Gumilev Eurasian National University took part. The formative experiment included 4 stages of development of socio-legal competence (informational-cognitive, value-oriented, regulatory and communicative stages). The dynamics of changes in the social and legal competence of a social pedagogue are shown.

Key words: social pedagogue, socio-legal competence, professional competence.

Л.А. Сулейменова, С.Н. Жиенбаева, М.Д. Мурзагулова*
Евразийский национальный университет имени Л. Гумилева, Казахстан, г. Астана
*e-mail: miraaulan70@gmail.com

Формирование социально-правовой компетентности будущих социальных педагогов

Сложные и противоречивые процессы изменения всех сфер общественной жизни в Казахстане предъявляют особые требования к качеству профессиональной компетентности специалистов. В статье анализируется процесс решения теоретических и прикладных проблем, связанных с формированием социально-правовой компетентности социальных педагогов. Квалификационная характеристика социального педагога, включающая перечень должностных обязанностей, определяет основные виды помощи, оказываемой социальным педагогом ребенку, где социально-правовая компетентность направлена на защиту прав подростков и детей, содействие реализации правовых норм. Изучены социально-правовые аспекты гарантированной помощи различным категориям детей, правовое воспитание подрастающего поколения. Для эффективной реализации данных видов деятельности социальным педагогам необходимо знать нормативно-правовые документы в области прав ребенка, уметь использовать их в своей профессиональной деятельности, знать социально-правовые и социально-экономические основы деятельности образовательных учреждений, оказывающих помощь детям и их семьям. Описаны педагогические условия, обеспечивающие эффективность ее реализации. Проведено экспериментальное исследование, в котором приняли участие 47 студентов бакалавриата Евразийского национального университета имени Л.Гумилева. Формирующий эксперимент включал 4 этапа развития социально-правовой компетентности (информационно-познавательный, ценностно-ориентировочный, регулятивный и коммуникативный этапы). Показана динамика изменения социально-правовой компетентности социального педагога.

Ключевые слова: социальный педагог, социально-правовая компетентность, профессиональная компетентность.

Кіріспе

Еліміздегі білім сапасының жоғары болуы білім беру жүйесінің негізгі субъектісі болып табылатын мұғалімге тікелей байланысты. Себебі, қоғамды демократияландыру және жаңарту білім беру жүйесінде мамандарды сапалы дайындаумен қатар кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруды талап етеді. Осыған сәйкес, әлемдік халықаралық стандарттарға сай келетін кәсіби білім беру сапасының жоғары деңгейіне жетуі үшін мұғалімге жаңа міндеттер қойылып отыр. Базалық білім берудің негізгі құрамдас бөлігін, кәсіби іс-әрекетте нәтижелілік, икемділік, мақсатқа бағыттылық, жүйелілікті камтамасыз ететін құралдарды еркін меңгерген, стандартты емес кәсіби міндеттерді шешуге қабілетті және шығармашылық әлеуетін іске асыруға дайын білікті маман даярлау қажеттігі туындауда.

Бұл сапалы маман дайындауда барысында бүгінгі таңда, білім беруді дамытуға көп көңіл бөлініп отырғанын байқатады. Қоғамда орын алып отырған күнделікті әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жаңа жағдайларда өмір сүруге және оларға бейімделуі үшін жауапкершілігі мол мәселелерді шешу талабын

қойып отыр. Әрбір ұстаз өз жұмысында сапалы жұмыстан кәсіби мотивация алып, оқушыларға қажетті білім деңгейін беру үшін жеістікке жетуге ұмтылуы керек.

Осы бағытта, заманауи әлеуметтік педагог жұмысының маңызды құрамдас бөлігі кәсіби-құқықтық құзыреттілік болып табылады. Баланың жеке дамуында, оның жеке ерекшеліктері мен қабілеттерінің қалыптасуында, қоғамға бейімделуінде отбасы, яғни ата-анамен байланыс жасауда әлеуметтік педагогтың құқықтық құзыреттілігі өте маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік педагог жұмысындағы жасөспірімді психологиялық-педагогикалық қолдауы оның жеке тұлға ретінде дамуына үлкен септігін тигізеді. Бүгінгі таңда жетім балалардың саны артуда әрі балалар құқының бұзылуы да белең алуда, мұндай ауқымды жұмысты атқаруда әлеуметтік педагогтың рөлі басымдық танытады. Сондықтан да, жоғары оқу орнында әлеуметтік педагогты дайындауда маманның кәсіби құзыреттілігіне аса мән берілуі қажет. Кез келген кәсіби тұлға өз саласының кәсіпқой маманы болғысы келетіні анық. Кәсіби тұлғаның кәсіпқой маман болуына оқу процесі мен жұмыс барысында қалыптасқан дағдылары,

қасиеттері мен әдеттері ықпал жасайды. Талап барысында бүгінгі таңда білім беруді модернизациялаудың басты идеяларының бірі маманның құзыреттілігін қалыптастыру болып отыр.

Кәсіптік-құқықтық негізде жұмыс істеу қоғам өмірінің барлық маңызды салаларына қолданылады. Іс-әрекет субъектілерінің кәсіби және құқықтық өзара іс-қимылы – бұл кез келген сала мамандықтарына тән, соның ішінде әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы мамандардың да міндетті құзыреттіліктерінің бірі.

Педагогика ғылымында әлеуметтік педагогтардың кәсіби және құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатымен тығыз байланысты теориялық және қолданбалы мәселелерді шешу үшін жеткілікті материалдар жинақталған. Қазіргі күнгі әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметі мен кәсіби дайындығының теориялық негіздері М. А. Галагузова, Б. З. Вульф, Л. В. Мардахаев, В. А. Никитин, А. В. Мудрик, Л. Я. Олифиренко, Ю. Н. Галагузова, К. Ш. Кумаржанова, А. Б. Айтбаева, Г. Ж. Меңлібекова, И. Р. Халитова және т. б., ғалымдардың зерттеулерінде егжей-тегжейлі баяндалған.

П.А. Мусинов, С.А. Рудых, М.С. Михайлов, В.А. Смирнов, А. С. Саломаткиннің еңбектерінде әртүрлі бағыттағы мамандардың құқықтық білімі мен дағдыларын қалыптастырудың негізгі әдіснамалық тәсілдері қарастырылған.

Дегенмен, біздің ойымызша, бүгінгі күні әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында әдістемелер мен технологияларды қолданудың заманауи талаптарын, қажетті заманауи біліктілік құзыреттіліктерін ескере отырып, әлеуметтік педагогтардың ЖОО-да білім алуында кәсіби және құқықтық сауаттылығын қалыптастыру процесінің ерекшеліктерін ашатын зерттеулер жеткіліксіз.

Бұл проблема «Әлеуметтік педагог» мамандығы бойынша болашақ әлеуметтік педагогтың негізгі қызметі ретінде құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру мәселелерін мейлінше жан-жақты қарастыруды талап етеді.

Әдебиетке шолу

Ақпарат тасқыны басым қоғамда білім беру жүйесі инновациялық талаптың негізгі бөлігі болып табылады, бұл бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін әрі алған білімін өмірде пайдалана білу ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметі аясындағы міндеттер, біліктілік аясы, іскерлік мүмкіндіктері мен негізі атқаратын жұмыс түрлерінің қатарына: жасөспірімді психологиялық сүйемелдеу және қолдау, қоғамға бейімдеу, коммуникациялық жүйені ізгілендіру, білім алуға келеңсіздіктерді жою, т.б. жатады.

Әлеуметтік педагогтың біліктілік талаптарындағы құқықтық құзыреттілігі аясына жасөспірім мен баланың құқықтарын сақтауға, балалардың әртүрлі санаттарының құқықтық кепілдіктерін іске асыруға көмектесуге, өскелең ұрпақтың өзін құқықтық тәрбиелеуге бағытталған әлеуметтік-құқықтық көмек түріне ерекше орын беріледі. Осы қызмет түрлерін тиімді іске асыру үшін әлеуметтік педагогтың бала құқықтары саласындағы нормативтік және құқықтық құжаттарды білуі, оларды кәсіби қызметте шебер қолдануы, балаға және оның отбасына көмек көрсететін білім беру мекемелері қызметінің әлеуметтік-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық негіздерін білуі тиіс.

Білім беру институттарының басшылары өз қызмет саласының қажеттіліктері мен міндеттеріне сүйене отырып, әлеуметтік педагог міндеттерінің кәсіби шеңберін анықтайды және маманның біліктілік деңгейі бойынша білімі мен дайындығының сапасын бағалайды. Жұмыс берушілер әртүрлі әлеуметтік және құқықтық мәселелерді өз бетінше шеше алатын белсенді, заңдық тұрғыдан сауатты жұмыс істейтін мамандарға аса мұқтаж. Арнайы педагогтың кәсіби қызметінің құқықтық сауаттылыққа бағыт ұстауы күн санап арта түсуде.

Жұмыс берушілердің пікірінше, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды әлеуметтік және құқықтық тәрбиелеу бойынша жұмыс жасайтын «әлеуметтік педагогика» мамандығы түлектерінің көпшілігінде кәсіби міндеттерге қол жеткізуде елеулі кедергі болып табылатын құқықтық білім мен дағдылар саласында елеулі олқылықтар байқалады. Білім берудің нормативтік-құқықтық негіздерін, балаларды әлеуметтік-құқықтық қорғаудың әдістері мен тәсілдерін білмеуі, нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс істеуде және кәмілетке толмағандарды құқықтық ақпараттандыру мен тәрбиелеуді жүзеге асырудағы құзыреттіліктің жеткіліксіздігі – әлеуметтік педагогтың құқықтық белсенділік, жауапкершілік, әділеттілік және толеранттылық сияқты аса маңызды кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға кедергі келтіретіні сөзсіз.

Жоғары оқу орындарында әлеуметтік педагогтың кәсіби-құқықтық құзыреттілігін дамытудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылық-әдістемелік және педагогикалық жағдайлар қажет. Дәл осындай педагогикалық жағдайлар туралы ресейлік зерттеуші А.В. Коротунның еңбектерінде егжей-тегжейлі жазылған: «...әлеуметтік педагогтарды кәсіптік емес педагогтарға қарағанда әлеуметтік-құқықтық қорғауға кәсіптік даярлау процесінде бала туылғаннан бастап, 18 жасқа толғанға дейінгі құқықтардың өсуін, балаларды әлеуметтік-құқықтық қорғаудың нысандары мен әдістерін ескере отырып, бала құқықтары саласындағы білімді қалыптастыруға назар аудару; студенттердің бала құқықтарының бұзылуына байланысты проблемалық жағдайларды шешу шеберліктері мен дағдыларын пысықтау, нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру қажет» (Коротун, 2012) [1].

Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы болашақ әлеуметтік педагогтардың алдағы кәсіби қызметінде қажетті кәсіби құқықтық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруды және дамытуды қажетті дәрежеде қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Осы бағыт бойынша дереккөздерді, оның ішінде Қазақстанның кейбір ЖОО-ның білім беру бағдарламаларын талдай отырып, әлеуметтік педагогтардың қазіргі кәсіби даярлығын, мамандардың құқықтық құзыреттілігін жетілдіру қажет деген қорытындыға келеміз.

Құзыреттіліктерге келетін болсақ, әлеуметтанушы В. И. Байденко оларды студенттердің мамандық талаптарына сәйкес әрекет етуге, міндеттер мен мәселелерді әдістемелік және технологиялық тұрғыдан ұйымдастыра отырып дербес шешуге, сондай-ақ өз қызметінің нәтижелерін өзін-өзі бағалауға дайын және қабілетті болуы деп түсіндіреді (Байденко, 2004) [2].

Әлеуметтік педагогтың кәсіби-құқықтық құзыреттілігі диагностикалық – болжамдық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, тәрбиелік (құқықтық тәрбие), түзету-дамыту, консультативтік, алдын алу, құқық қорғау сияқты құзыреттердің жиынтығымен сипатталады. Әрбір құзыреттілік нормативтік-құқықтық құжаттар тұрғысынан қарастырылады (Айтбаева, 2011) [3].

Сонымен қатар, берілген түсіндірмелеріне сүйене отырып, біз әлеуметтік педагогтың нормативтік-құқықтық құзыреттілігін – құқықтық құндылықтарға негізделген, оның қабілеттілігін және оқушыларды әлеуметтік-құқықтық қорғау

мен тәрбиелеуді жүзеге асыруда құқықтық білім мен дағдылар жүйесін қолдануға дайындығын көрсететін, сонымен бірге жеке тұлғаның осындай кәсіби маңызды қасиеттерін – құқықтық белсенділік, жауапкершілік, коммуникативтілік, эмпатия және төзімділікті белгілеуге қажетті қасиеттері ретінде анықтаймыз.

Құқықтық құзыреттіліктің құрамына мотивациялық-құндылық, когнитивті, коммуникативтік, жекетұлғалық, іс-әрекеттік және рефлексивтік компоненттер кіреді.

Сондықтан, жоғары оқу орындарында кәсіби дайындықты тек білімді ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік тапсырысын іс жүзінде жүзеге асыра алатын әлеуметтік педагогтың белгілі бір кәсіби дағдыларын, дағдылары мен кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруға бағыттап қайта құру қажет.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру – бұл күрделі де ұзақ үдеріс, сондықтан ол университетте оқу мерзімінің барлық кезеңінде жүзеге асырылуы тиіс. Айта кету керек, университеттің оқу үдерісі өзінің – сабақтастық, бірізділік, жүйелілік және тәжірибеге бағдар сияқты ерекшеліктерінің арқасында үлкен мүмкіндіктерге ие.

ЖОО-да әлеуметтік педагогтың кәсіби және құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру процесінің құрылымы мынадай модульдердің өзара байланысын білдіреді: теориялық-әдіснамалық (әлеуметтік педагогтардың теориялық және практикалық даярлығының бірлігін қамтамасыз етудің әдіснамалық тәсілдері мен қағидаттары); функционалдық-мақсаттық (болашақ мамандарды кәсіптік және құқықтық даярлаудың негізгі бағдарлары, мақсаттары, міндеттері); Кәсіптік-құқықтық (анықталатын оқу пәндерінде, элективті курстарда көрсетілетін маманның кәсіби-құқықтық қызметінің құзыреттіліктері); ұйымдастырушылық-практикалық (студенттердің негізгі құзыреттіліктерді игеруін ұйымдастырушылық және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету); технологиялық; критериалды-бағалау (студенттердің кәсіби-құқықтық құзыреттіліктерді игеру нәтижелілігін бағалау).

Болашақ әлеуметтік педагогтардың құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін өзара байланысты құрылымдық блоктардың жиынтығы болып табылатын жүйе ретінде ұсынылған (Сластенин, 2004) [4].

Зерттеу материалдары және әдістері.

Құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру процесінде қолданылатын әдістер мен формалар туралы айтатын болсақ, біз іскерлік ойындар, проблемалық әдістер, жоба әдісі, дәрістер, семинарлар, шағын топтардағы жұмыс және т. б. түрлерін таңдадық.

Сондай-ақ студенттердің компонент пәндерін және таңдау курстарын («Құқық негіздері», «Әлеуметтік педагогика», «Әлеуметтік педагог жұмысының әдістемесі мен практикасы» және т.б.) зерделеуі де жүзеге асырылады.

Әлеуметтанушы А.В. Молчанова ЖОО-да әлеуметтік педагогтың кәсіби және құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру процесінің негізгі принциптері ретінде – модельдеу принципін, тұлғаға бағдарлану принципін, ситуация принципін жаңашылдық принципін, ұжымдық өзара іс – қимыл принципін қарастырады (Молчанова, 2007)[5].

Практика барысында студенттер кәсіби міндеттерді шешу шеберліктері мен дағдыларын құқық нормалары мен мінез-құлық ережелерімен қатар меңгереді, оқытушылық қызметте әлеуметтік және педагогикалық технологияларды қолданады, құқықтық қызмет шеңберінде оларды пысықтау перспективаларын біледі, әртүрлі әлеуметтік органдарда жасөспірімнің мүдделерін қорғайды, құқықтық тәрбие және құқық қорғау функцияларын, әлеуметтік-педагогикалық қызметті жоспарлау және іске асыруды жүзеге асырады. Сонымен бірге студенттер өздерінің жеке қасиеттерін (құқықтық белсенділік, жауапкершілік, коммуникативтілік, эмпатия және т.б.) дамыту бағытында да жұмыс істейді. Мұндай белсенділік практикалық жұмыста әрдайым құқықтық қызметтің құнды тәжірибесін қалыптастырады.

Кәсіби-құқықтық модуль, мазмұндық тұрғыда құзыреттілікке сәйкес әлеуметтік педагогтың кәсіби-бағытталған құқықтық дайындығының дидактикалық міндеттерінің, проблемалық-семантикалық аспектілерінің кешенін көрсетеді. Ю. В. Василькованың пікірінше, ол келесі компоненттерді қамтиды: студенттердің құзыреттіліктің кәсіби-құқықтық мақсатының құндылығын, қажетті теориялық білімді игеруі; игерілген білімді жүзеге асырудың нормативтік-құқықтық негіздері; тәжірибеде құзыреттілікті жүзеге асырудың әртүрлі технологияларын, формалары мен әдістерін меңгеру (Василькова, 2001)[6].

Әлеуметтік-мәдени қызметте, конференцияларда, дөңгелек үстелдерде және т.б.

салалардағы жұмыс студенттердің ғылыми және ұйымдастырушылық қасиеттерін дамытады, азаматтық парыз сезімін, тәуелсіздікті, әлеуметтік-құқықтық құндылықтарға және т. б. оң көзқарасын тәрбиелейді

Студенттің кәсіби даярлау үрдісі шеңберінде барлық қызмет түрлеріне қатысуы оның құқықтық қызметке, тиісті білім мен дағдыларды үйренуге және игеруге деген оң көзқарасын дамытып қана қоймай, сонымен қатар оның кәсіби қызметі негізделетін құндылықтар мен мотивтерді түсінуіне кең ықпал етеді (Старикова, 2010) [7].

Аса маңызды компоненттер ретінде – студенттердің оқу және оқудан тыс іс-әрекетін қамтамасыз ету; жалпы құқықтық және педагогикалық даярлық кафедраларының өзара іс-қимылы; пәнаралық сипаттағы өзара байланысты қамтамасыз ету; жоғары оқу орындарының практика базаларымен әріптестік жүйесін ұйымдастыру; профессор-оқытушылар құрамының кәсіптік-құқықтық даярлығын арттыру; сондай-ақ оқытылатын оқу пәндерінің кәсіптік-құқықтық бағытын көрсететін оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу қажеттігін атап өткіміз келеді.

Осы орайда, А.Б.Ынтықбаева болашақ педагогтың коммуникативтік іскерлігін оқушылармен тиімді қарым-қатынас орната білу, оқушылармен ортақ тіл таба алу қасиеттері арқылы көрсетеді (Ынтықбаева, 2007) [8]. Ал А.А. Леонтьев мұғалімнің коммуникативтік біліктіліктерін оқушымен дұрыс, әрі тартымды байланыс жасай білу іскерліктерін жатқызады (Леонтьев, 1979) [9].

Сонымен, құзыреттілік – пайда болған мәселені өз бетінше шешу үшін қажетті, өз позициясын анықтауға, адамға қоғамдағы өмірлік нормалар мен ережелерді дұрыс орындауға мүмкіндік беретін даму деңгейі.

Ғылыми тұрғыдан құзыреттілікке негіз болатын ақпараттық құзыреттілік, коммуникативті құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік мазмұнын шеше білгенде ғана мақсат орындалады. Мұндағы ақпараттық құзыреттілік дегеніміз – өздігінен білім алуға және ақпараттық ресурстарды пайдалануға дайындығы. Коммуникативті құзыреттілік – тіл арқылы өндірістік, мәдени өмірдің сан алуан міндеттерін шешу, қарым-қатынас мақсатын жүзеге асыру үшін сөйлей білу. Ал мәдениеттанымдылық құзыреттілік дегеніміз–қоғамның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, ұлттық және әлемдік

әдебиеттердің құндылықтарын игерген тұлға қалыптасуы. Әлеуметтік педагог-кәсіби дағдыларға, педагогикалық қабілетке және жаңаны танып білуге ұмтылатын қабілеттерді меңгерген рухани бай, шығармашылық тұлға.

Шетелдік және алыс- жақын елдердегі ғылыми әдебиеттерді талдау «әлеуметтік-құқықтық құзыреттілік» ұғымының әртүрлі контексте қарастырылатынын байқатты. Мәселен, А.Н. Бабенконың пайымдауынша «әлеуметтік-құқықтық құзыреттілік» бұл тұлғаның әлеуметтік және құқықтық нормаларды меңгеруі, оларды өз өмірінде қолдануы» деп сипатталады (Бабенко, 2002) [10]. «Әлеуметтік- құқықтық құзыреттілік» мәселесі О.А. Лукаш [11], еңбегінде қарастырылса, Д.В. Московцевтің [12] зерттеулерінде жалпы тұлғалық құзыреттіліктер құрылымында көрсетіледі. Ал шетел ғалымдары М. Киссин, Т. Тауэрс [13], Э. Маклеллан [14], Т. Спаак [15] әлеуметтік-құқықтық құзыреттіліктің мазмұндық жүйесін психология, әлеуметтану, заң теориясы мен практикасы ғылымдарының сабақтастығында зерттеп талдаған. Аталған зерттеулердің жинақтық талдауында әлеуметтік-құқықтық құзыреттіліктің дамуы тұлғаның әлеуметтік өмірінің шеңберінде жүзеге асуы тиіс. Бұл зерттеушілердің ойынша, әлеуметтегі түрлі қоғамдық құбылыстар қоғамда құқықтық құзыреттіліктердің қажеттілігін тудырса, әлеуметтік құзыреттілік адамның әлеуметтік рөлдерінің орындалуына қатысты жағдайлардан тұрады.

Әлеуметтік педагогтың девиантты мінез-құлықты балалармен жұмысының мәні мен ерекшеліктері әлеуметтік педагогтың іс-әрекет түрлерінің ролін анықтайды. Өз кезегінде әлеуметтік педагогтарды даярлау қажеттігі туып отыр. Бұл ең алдымен болашақ әлеуметтік педагогтарды даярлауда теориялық-әдіснамалық тұғырларды қарастыруды талап етеді.

Қазіргі кезде ғылыми әдебиеттерде, педагогтарды, соның ішінде әлеуметтік педагогтарды даярлауда жоғары оқу орны білім беру үдерісін ұйымдастыруда жүйелілік, ақпараттық, контекстік, тұлғалық бағдарланған, іс-әрекеттік, интегративтік және т.б. тұғырларға көңіл бөледі. Жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, әлеуметтік педагогтарды девиантты мінез-құлықты балалармен жұмысқадаярлығын қалыптастыруда жүйелілік, іс-әрекеттік, контекстік, рефлексивтік және партисипативтік тұғырларды қолдану тиімді деп есептеледі. Енді «әлеуметтік» және «құқықтық құзыреттілік» ұғымдарын жеке-же-

ке алып қарастыратын болсақ, онда «әлеуметтік құзыреттілік» түсінігі И.А. Зимняя [16] Н.В. Калинина [17] еңбектерінде теориялық тұрғыдан терең талданғанын көреміз. Ресейлік ғалым профессор Л.В. Мардахаевтың пікірінше, әлеуметтік педагогиканың кез келген ғылым сияқты, өзіне тән нақты қолданылатын ғылыми категориялары бар. Әлеуметтік педагогиканың негізгі категориялары—оның негізгі компоненттерін көрсететін жалпы және іргелі ұғымдары болады. Оларға: әлеуметтік-педагогикалық процесс, әлеуметтік-педагогикалық қызмет, әлеуметтік даму, әлеуметтік тәрбие, әлеуметтік бейімделу және дезадаптация, әлеуметтену, әлеуметтік оңалту, әлеуметтік-педагогикалық түзету, қайта тәрбиелеу, түзету және т.б. жатады (Мардахаев, 2005) [18]. Ғалымның бұл пікірі әлеуметтік педагог қызметінің көпқырлы, күрделі үдеріс екендігін танытады. Сондықтан қазіргі болашақ әлеуметтік педагогтарды дайындауда олардың құзыреттіліктерін дамыту қай тұрғыдан алсақ та қажет деп айта аламыз. Қазақстандық ғылыми зерттеулерде әр ғылым саласының өз деңгейінде қарастырылып, біраз мақалалар бар болғанымен бұл мәселе кіріктірілген мазмұнда көрініс таппай отыр. Сол себепті болашақ әлеуметтік педагогтің «әлеуметтік-құқықтық құзыреттілік» мәселесі өзекті деп танылады.

Нәтижелер және талдау

«Әлеуметтік-құқықтық құзыреттілік» ұғымы интеграцияланған динамикалық тұлғалық сапа ретінде әлеуметтік педагогтің қызметіндегі құқықтық жауапкершілік пен мүмкіндіктердің жүзеге асырылуын, әртүрлі категориядағы әлеуметтік мәселесі бар субъектілердің әлеуметтік-құқықтық нормаларды сақтап, олардың қолданылуын реттей алуындағы жұмыстарының нәтижесін көрсетеді. Әлеуметтік педагогика саласындағы ғалымдар мен практик мамандардың еңбектерінде жасөспірімдермен жасалатын әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарда көбінесе олардың құқығын қорғау бойынша біршама қиындықтардың туындайтынын айтады.

Әлеуметтік педагог Қазақстанда балалардың құқықтарын заңнамалық қорғау саласындағы мемлекет саясатына сәйкес жасалған құқықтық базадағы құжаттармен жұмыс жасайды. Балалардың өмір сүруге, ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорғауға, жеке басына қол сұқпауға, тұрғын үйге, білім алуға, әлеуметтік қамтамасыз етілуге және әлеуметтік қызмет көрсетуге, денсаулықты сақтауға және медициналық

көмекке, мәдени құндылықтарға қол жеткізуге және басқа неғұрлым маңызды құқықтары Қазақстан Республикасында заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етілген. Әлеуметтік педа-

гог өз қызметінде балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын төмендегідей заңнамалық ресми – нормативтік құжаттарды басшылыққа алады:

1. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
2. БҰҰ «Балалардың құқықтары туралы Конвенция»;
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
4. ҚР «Білім беру туралы заңы»;
5. ҚР «Неке және отбасы туралы заңы»;
6. «ҚР баланың құқықтары туралы заңы»;
7. «Патронаттық тәрбие туралы ереже»;
8. «Қорғаншылық және қамқоршылық туралы ереже»;
9. ҚР Еңбек кодексі;
10. ҚР Қылмыстық кодексі;
11. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу туралы» ҚР Заңы.

Аталған құжаттарды әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетте қолдана алу әлеуметтік педагогтің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болады. **Әлеуметтік педагогтің өзге білім субъектілерімен және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастық қатынасын ұйымдастыруда мемлекеттің балалар мүддесін көздейтін мынандай мақсаттары жүзеге асырылуы тиіс:**

- ҚР балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатының мақсаттары:
- балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу;
- балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру;
- бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру;
- балалардың интеллектуалдық, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу;
- кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету болып табылады. (*«Қазақстан Республикасындағы*

балалардың жағдайы туралы баяндама» Астана, 2013)

Бұл мақсаттардың әлеуметтік педагог жұмысында жүзеге асуы оның кәсіби дайындығының нәтижесін көрсетеді. Сол сияқты әлеуметтік педагогтің іс-құжаттар номенклатурасында портфолио жасап, төменде көрсетілген құжаттарды талапқа сай қолдана алуы да оның құқықтық құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді:

1. Әлеуметтік педагогтің іс-қағаздары және нормативтік құқықтық актілер.
2. Әлеуметтік педагогтің жеке қолдану папкасы (лауазымдық міндеттері).
3. Әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, жылдық есебі және әлеуметтік зерттеу жұмыстары.
4. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, кәмелеттік жасқа толмаған балаларды есепке алу журналы.
5. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылардың картотекасы.
6. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылардың жеке іс-қағаздары
7. Сыныптың әлеуметтік паспорты (куәлігі)
8. Әлеуметтік жағдайы төмен оқушылар тізімі (жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасы балалары, мүгедек балалар және оралман оқушылар тізімі)
9. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету.
10. Қиын балалармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстар.
11. Оқушылардың жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру.

12. Әлеуметтік зерттеу жұмыстары (сауал-намаляр, тест, семинар-тренингтер т.б.)

Әлеуметтік педагогтің құқықтық құзыреттілігінің бір аспектісі оның тәртіп, құқық бұзушылық, әлеуметтік бейімделу және т.б мәселелер бойынша оқушылардың құқығы мен міндеттері туралы білім қалыптастыра алуымен

сипатталады. Осыған орай эксперимент жүргізу барысында мәселесі бар балаларға еліміздегі заңнамалық құжаттар, құқық туралы түсінік беру қажеттігі туындады. Аталған жұмысты біз төмендегідей кезеңдерге бөліп жүргіздік (кесте 1). Жұмыстың барысында әр кезеңнің міндеттері айқындалды.

1-кесте – Кезеңдік міндеттер

Кезеңдер реті :	Кезеңдік міндеттер :
I кезең – ақпараттық-танымдық;	Оқушыларға құқық туралы жалпы түсінік беру; ҚР білім, оқу, тәрбие, отбасы және бала құқықтары туралы заңдардың қолданылуы туралы түсіндіру.
II кезең – құндылықты-бағдарлы;	Балалардың бойында құқықты білу, құрметтеу сезімдерін дамыту; өзінің құқықтарын сыйлау және пайдалана алуын қадағалау .
III кезең – мінез-құлықты реттеушілік;	Өз өмірлерінің барлық жағдайларында құқықты сақтау, ережені бұзбау, мінез-құлықты тұрақтандыра алу қасиеттерін жетілдіру.
IV кезең – коммуникативтік-қарым-қатынастық .	Өзінің қоғамдық рөлдерін дұрыс атқаруда құқықтық нормаларды басшылыққа алу, адамдармен өзара қарым-қатынаста әдептілік таныту .

Құқықтық құзыреттіліктерді қалыптастыруда репродуктивті әдістер мен инновациялық әдістердің қатар қолданылуы жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда, мәселелік сұрақтардың шешімін табуда тиімділік танытады. Балалардың қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекеттері құқық бұзушылыққа жатады. Қай елде, қай мемлекетте болмасын адамның жасына, жынысына қарамастан заң бойынша жауапқа тартылады. Әлеуметтік педагогтің жұмысында девиантты және деструктивті мінез-құлық, жәбірленушілік, бала құқығына немқұрайлы қараушылық, ата-ана мен бала құқықтарын сақтамау сияқты құқықтық мәселелерді анықтап оларды түзету педагогикалық тұрғыдан әртүрлі кеңес беру, тренингтер жүргізу, сауалнама алу, жеке кеңес беру және т.б әлеуметтік-педагогикалық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асады. Осы айтылғандың ішінде эксперимент барысында біз көбінесе тренингтерді қолдануға тырыстық. Өйткені, тренинг барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасады, өз ойын, жеткізуге, сұрақты дұрыс жүйелеуге дағдыланады. Әлеуметтік педагогтің құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру, оның нәтижесін бақылау және бағалауда шығармашылық ізденіске құрылатын әлеуметтік жобалаудың қазіргі оқыту үдерісіндегі маңызы зор. Студенттермен жүргізілген тәжірибелік жұмыс кезінде «Құқық алаңы» және «Менің құқықтарым-менің еркіндігім» тақырыптары бойынша екі әлеуметтік жоба құрастырылды. Сонымен қатар

болашақ әлеуметтік педагогтердің өздерінің жеке азаматтық құқықтарын қаншалықты білетіндіктері және болашақ әлеуметтік педагог ретінде қандай құжаттармен жұмыс жасай алатындықтарын тексеру үшін сауалнама және тест тапсырмалары құрастырылды. Мақалада студенттер орындаған тест тапсырмаларынан төмендегі үлгілерді ұсынып отырмыз.

Тест тапсырмалары

1. ҚР «Білім беру туралы заңында» белгіленген

А) тұлғаның өмірге бейімделуі, зияткерлік сайыстардың білімдік-тәрбиелік сипаты, оқыту үдерісіндегі жаңа технологиялардың маңызы

В) білім беру саласындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін, білім процесі субъектілерінің құқылары мен міндеттері, өкілеттілігі мен жауапкершілігі

С) жалпы орта білім беретін мектептердегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың жіктемесі, оқу жүктемесі, орталық және түрлі деңгейдегі жергілікті атқарушы органдар

Д) білім берудегі жекелеген нормативті актілер, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламалары, әлеуметтік тәрбиедегі мінез-құлық мәселесі

Дұрыс жауап саны – 1

Жауаптар саны – 4

Дұрыс жауап – В

Қиындығы – С

2. Жұмыс уақыты бұл-

А) Қызметкердің еңбекті ішкі басқару таптарына сай қызметтік функцияларын атқаруы үшін белгіленген мерзім

В) Қызметкердің таңдауы бойынша білім беру мекемелеріндегі жұмыс орнында өз еркімен отырып еңбек етуі

С) Қызметкердің жұмыс кезінде рұқсатсыз кетіп, қалаған уақытында қайтып келуін өзі реттейтін нақты бір еңбек кестесі

Д) Қызметкердің демалысқа шығуын, қосымша жалақы табу үшін басқа орындарда жұмыс істеуіне арнайы бөлінген мерзімдік уақыт

Дұрыс жауап саны – 1

Жауаптар саны – 4

Дұрыс жауап – А

Қиындығы – А

3.Әлеуметтік педагогтің мектептегі жұмысының негізгі бағыттары:

А) Мекемеде және қоршаған әлеуметтік ортада жеке тұлғаның қауіпсіздігі мен психологиялық үйлесімділігін анықтау сабаққа үлгерімін қадағалау

В) Пәндер бойынша білім мазмұнын құрастыру, отбасылық кеңес беру, әлеуметтік тәрбие туралы дәрістер оқу және оқу жетістіктерін бағалау

С) Оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылықтарын, мінезден ауытқушылығын, әлеуметтік ортаға бейімделу және әлеуметтік қорғалу деңгейін анықтау

Д) Оқушыларды әртүрлі жағдайларда қолдауда, бос уақытты өткізуде, үйірмелерге қатысуда көмек көрсете алу шараларын қолдану.

Дұрыс жауап саны – 1

Жауаптар саны – 4

Дұрыс жауап – С

Қиындығы – В

4. Мектептегі әлеуметтік педагогтің құқықтары

А) сабақтан тыс үйірме, секцияларға қатысуын қадағалау, үй тапсырмасын орындауға көмектесу, демалысын ұйымдастыру

В) психологиялық тұрғыдан мінез-құлықты анықтау үшін арнайы зерттеулер жүргізу және оны тәжірибеде тексеру

С) жасөспірімдерге ақылы кеңес беру, балалардың қызығушылықтарына байланысты түрлі іс-шараларды ұйымдастыру

Д) Оқу орнының басшысынан кәсіби міндеттерін ойдағыдай орындау үшін жағдай жасауды талап ету

Дұрыс жауап саны – 1

Жауаптар саны – 4

Дұрыс жауап – D

Қиындығы – С

Әлеуметтік педагогтің қызметінде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және болдырмау, олардың зияндылығы мен қауіптілігін түсіндіру мақсатында қазіргі ұрпақты құқықтық тәрбиелеу, оның мақсаттары мен міндеттерін дұрыс түсіндіру ерекше маңызға ие.

Эксперимент өткізу кезінде студенттерге қосымша тапсырма ретінде өздері таңдаған бір мектептің оқушыларына құқықтық тәрбие, заңдар, құқық бұзушылық сияқты мәселелер бойынша сұқбат жүргізу тапсырылды. Мұндағы мақсат болашақ әлеуметтік педагогтердің осы мәселелерді өздері талдап, өздері нәтиже шығаруларын бақылау еді.

Қалыптастырушы топтың студенттері құқықтық тәрбиенің мақсаты ретінде оқушылардың құқықтық мәдениеті мен заңдарды білуіне баса назар аударса, бақылаушы топта жасөспірімдерді құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу олардың тәртіп сақтап, қоғамдық нормаларға құрмет көрсетудің қылмыстан сақтануға апаратын жол екенін, ал әр адамның өз өміріне өзі жауаптылық алып, құқық бұзбай қоршаған ортадағы жағымсыз жағдайлардан алыс болып, өзіне пайдалы іспен айналуысұның дұрыс болатынын дәйектеп талдады. Біздің ойымызша, осындай тапсырмалар беру студенттерде өздерінің болашақ мамандығына сүйіспеншілік танытуға көмектесе алады.

Респонденттермен жүргізілген жұмыстардың ішінде «Аяқталмаған сөйлем» әдісі оң нәтиже берді деп айта аламыз. Төмендегі сөйлемдерді студенттерге термин ретінде анықтап, өз анықтамаларын жазу тапсырылды.

Құқық – дегеніміз бұл...	
Заңдар тұлғаларға....	
Бала құқықтары туралы Конвенцияда	
Әлеуметтік педагогтің құқығы менін ойымша...	
Менің құқықтарым.....	

Зерттеу жұмысының нәтижелерін анықтау мақсатында жүргізілген эксперимент жұмысына Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің 6В01801– Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының (3-курс) 25 бакалавр студенттері тәжірибе тобы ретінде, ал 22 бакалавр студенттері бақылау тобы ретінде алынды.


Эксперимент барысында жүргізілген жұмыс түрлері болашақ әлеуметтік педагогтардың құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастыруға

бағытталған тапсырмалардан құралып төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді. Ал нәтижелерді салыстырмалы талдау тәжірибе тобында әлеуметтік-құқықтық құзыреттіліктің қалыптасуының оң динамикасын көрсетті. Тәжірибе тобында әлеуметтік-құқықтық құзыреттіліктің даму деңгейінің көрсеткіштері төменгі деңгейден орташа деңгейге, ал орташа деңгейден жоғары деңгейге өткені байқалды. Алынған нәтижелердің пайыздық қатынасы – 2-кестеде көрсетілген.


2-кесте – Болашақ әлеуметтік-педагогтардың әлеуметтік-құқықтық құзыреттілігінің даму деңгейі, студенттер санының (орта есеппен топ бойынша) пайыздық арақатынасы бойынша

Әлеуметтік-құқықтық құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейі, %				
Деңгейлер	Эксперимент топ		Бақылау топ	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Жоғары	3	12	-	3
Орта	35	83	31	42
Төмен	52	5	69	55

Болашақ әлеуметтік-педагогтардың әлеуметтік-құқықтық құзыреттілігінің даму деңгейі динамикасын 1-2-суреттен бақылай аламыз.



1-сурет – Эксперименттік топтағы студенттердің әлеуметтік-құқықтық құзыреттіліктерінің қалыптасу динамикасы



2-сурет – Бақылау тобындағы студенттердің әлеуметтік-құқықтық құзыреттіліктерінің қалыптасу динамикасы

Эксперименттік топта құқықтық білімге деген қажеттіліктің жоғары екендігі байқалды. Біздің зерттеу жұмысымыз әлі толық аяқталмағандықтан бұл мақалада эксперименттің алғашқы нәтижелерін ғана ұсынып отырмыз. Алдағы уақытта жазылатын мақалаларда зерттеу бойынша толық статистикалық талдау, нәтиже ретінде модель беріледі. Сөйтіп, болашақ әлеуметтік педагогтердің әлеуметтік-құқықтық құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың алғашқы қорытындыларын талдай келе, біз студенттердің оқу үдерісінде алған теориялық білімдерінің практикада ұштасуын сапалық көрсеткіштер арқылы байқай алдық.

Қорытынды

Қазіргі уақытта әлеуметтік педагогтің қызметіне қойылатын талаптар тұтастай алғанда балалар мен жасөспірімдердің, кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығы, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға бейімделуі арасындағы қайшылықтардан туындап отыр. Қоғамдағы кейбір әлеуметтік жағдайлар болашақ әлеуметтік педагог мамандардың кәсіби шеберлігін әлеуметтік-құқықтық құзыреттіліктер тұрғысынан қарастыруға мүдделілік танытты. Жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарының, суицидтік

мінез-құлқының, оларға көрсетілетін зорлық-зомбылықтың және т.б. әлеуметтік мәселелердің алдын алу бойынша мемлекетімізде жүргізіліп отырған жұмыстардың біршамасы әлеуметтік педагогтің қызметімен жүзеге асады. Отбасымен жасалатын жұмыс, әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру, қиын өмірлік жағдайда тұрған бала құқықтарын қорғау сияқты мәселелерге де әлеуметтік педагог маман ретінде өз үлесін қосады.

Балалардың, оның ішінде жетім балалардың және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, мемлекеттік және жеке меншік мекемелерде тәрбиеленетін балалардың құқықтарын қорғау бойынша атқарылатын жұмыстарда әлеуметтік педагогтың әлеуметтік-құқықтық сауаттылығы маңызды мәнге ие. Сол себепті біздің мақаламызда болашақ әлеуметтік педагог маманның кәсіби құзыреттіліктерінің ішінде осы мәселеге баса назар аударылды.

Қорыта айтқанда, әлеуметтік-құқықтық құзыреттілік әлеуметтік педагогтың әртүрлі мәселесі бар балаларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетуге қажет біліктіліктердің бірі және оны қалыптастыруда теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-практикалық, әдістемелік-технологиялық аспектілердің өзара байланысының маңызы зор деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер

1. Коротун А. В. Подготовка будущих социальных педагогов к социально-правовой защите несовершеннолетних. – 2012. – №4. – С.95-101.
2. Байденко, В.И. Компетенции в профессиональном образовании [Текст] / В.И. Байденко // Высшее образование в России. – 2004. – №11. – С. 26-33.
3. Айтбаева А.Б. Әлеуметтік педагогика негіздері. – Алматы:Қазақ университеті, 2011. – 34б.
4. Педагогика профессионального образования : учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. Заведений [Текст] / Е. П. Белозерцев, А. Д. Гонеев, А. Г. Пашков и др.; Под ред. В. А. Сластенина. – М.: Издательский центр «Академия», 2004. – 368 с.
5. Молчанова А. В. Формирование профессионально-правовой компетентности социального педагога в условиях ВУЗа // «Вестник университета» (Государственный университет управления). – Москва, – 2007. – №9– с. 92
6. Василькова Ю.В. Методика и опыт работы социального педагога. — М.: «Академия», 2001. – 160 с.
7. Старикова Л.Д. Методы педагогического исследования. – Екатеринбург, 2010. – 33 с.
8. Ынтықбаева А.Б. Қазіргі заман талабына сай әлеуметтік компетентті оқушыны қалыптастырудағы теориялық негіздер // Білім. – 2007. – №1 (31). – 24б.
9. Леонтьев А.А. Педагогическое общение // Новое в жизни , науке, и технике. –М., 1979. – 9б.
10. Бабенко, А.Н. Правовые ценности и освоение их личностью: дисс. ... докт. юрид. Наук / А.Н. Бабенко. Москва. 2002. – 395 с.
11. Лукаш, О.А. Формирование правовой компетентности студентов колледжа культуры в процессе подготовки к профессиональной деятельности: автореф. дис. ... канд. пед. наук / О.А. Лукаш. –Тула, 2013. – 24 с.
12. Московцев, Д.В. Теоретико-методологический подход к формированию правовой компетентности у будущих педагогов профессионального образования / Д.В. Московцев // Вестник МГОУ. Педагогика. – 2015. – № 3. – С. 155-163.
13. Kissin M., Towers K. Standards for determination of competence //Journal of the American Academy of Psychiatry and the Law Online. – 2007. – Т. 35. – №. 3. – С. 386-388.
14. Mclellan E. What is a competent “competence standard”? Tensions between the construct and assessment as a tool for learning //Quality Assurance in Education. – 2007. – Т. 15. – №. 4. – С. 437-448.
15. Spaak T. The concept of legal competence: an essay in conceptual analysis. – 1994.
16. Зимняя, И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования / И.А. Зимняя // Высшее образование сегодня. –2003. – № 5. – 34–42 с.
17. Калинина, Н.В. Психологическое сопровождение развития социальной компетентности школьников : дис. ... д-ра психол. наук / Н.В. Калинина. 19.00.07 Самара, 2006. – 460 с.
18. Мардахаев Л.В. М25. Социальная педагогика: Учебник. – М.: Гардарики, 2005. – 269 с.

References

- Aitbayeva A.B.(2011).Aleumettik pedagogika negizderi[Basics of social pedagogy]. Almaty, Kazakh University. (in Kazakh)
- Babenco, A.N.(2002). Pravovye cennosti i osvoenie ih lichnost'ju: diss. ... dokt. jurid. Nauk [Legal values and development of personality]. [Doctoral Dissertation] Moscow. (in Russian)
- Baydenko. V.I.(2004). Kompetentsii v professionalnom obrazovanii [Competence in professional education] , Higher education in Russia,11, 26-33. (in Russian)
- Belozertsev, E. P., Goneyev, A. D., Pashkov, A. G. (2004). Pedagogika professionalnogo obrazovaniya. [Pedagogy of professional education]. Moscow, Academy. (in Russian)
- Diachenko. M.I.(2003). Psikhologiya vysshey shkoly : ucheb. posobiye [Psychology in higher education], Tesey. (in Russian)
- Kalinina, N.V.(2006). Psihologicheskoe soprovozhdenie razvitiya social'noj kompetentnosti shkol'nikov[Psychological support for the development of social competence of schoolchildren]. [Doctoral dissertation] (in Russian)
- Kissin, M., & Towers, K. (2007). Standards for determination of competence. Journal of the American Academy of Psychiatry and the Law Online, 35(3), 386-388.
- Korotun A. V. (2012). Pedagogicheskiye usloviya realizatsii modeli formirovaniya pravovoy kompetentsii u budushchikh sotsialnykh pedagogov[Training of future social pedagogues to social and legal protection of minors].Pedagogical education in Russia, 4, 95-101 (in Russian)
- Leont'ev A.A.(1979). Pedagogicheskoe obshhenie[Pedagogical Communication], Moscow. (in Russian)
- Lukash, O.A. (2013). Formirovanie pravovoj kompetentnosti studentov kolledzha kul'tury v processe podgotovki k professional'noj dejatel'nosti[Formation of legal competence of students of college culture in the process of preparation for professional activity: author's reference]. [Doctoral Dissertation] (in Russian)
- Mardahaev L.V.(2005). Social'naja pedagogika[Social pedagogy], Moscow. (in Russian)
- Mclellan, E. (2007). What is a competent “competence standard”? Tensions between the construct and assessment as a tool for learning. Quality Assurance in Education, 15(4), 437-448.
- Molchanova A. V.(2007). Formirovaniye professionalno-pravovoy kompetentnosti sotsialnogo pedagoga v usloviyakh VUZa[Formation of professional and legal competence of a social teacher in the conditions of a university], «Vestnik universiteta» (Gosudarstvennyy universitet upravleniya ,9, 92. (in Russian)

- Moskovcev, D.V. (2015). Teoretiko-metodologičeskij podhod k formirovaniju pravovoj kompetentnosti u budushhijh pedagogov professional'nogo obrazovanija .Vestnik MGOU. Pedagogika, 3, 155-163. (in Russian)
- Spaak, T. (1994). The concept of legal competence: an essay in conceptual analysis.
- Starikova L.D. (2010). Metody pedagogičeskogo issledovanija[Methods of pedagogical research], Ekaterinburg. (in Russian)
- Yntyqbaeva A.B.(2007). Qazıǵı zaman talabına cai äleumettik kompetentti oqusyny qalyptactypudaǵy teopialyq negizdep[The theoretical basis of forming a socially competent student according to modern requirements] , 1 (31), 24. .(in Kazakh)
- Zimnjaja, I.A.(2003) Ključevye kompetencii – novaja paradigma rezul'tata obrazovanija[Key competences – a new paradigm of the result of education] Vysšee obrazovanie segodnja, no 5, 34–42 pp. (in Russian)